

# Қытай Халық Республикасы

{



Мемлекеттік елтаңбасы



Мемлекеттік туы

# Жалпы шолу:

- Ресми тілі: қытай
- Астанасы: Пекин
- Ірі қалалары: Гуанчжоу, Шанхай
- Төрағасы: Ху Жинтау
- **Жұрты**
  - Сарап (2006)
  - Санақ (2000)
  - Тығыздығы  
1,315,844,000<sup>4</sup> адам (1-ші)  
1,242,612,226 адам  
140 адам/км<sup>2</sup> (72-ші <sup>(2)</sup>)
- **ЖІӨ**
  - Қорытынды (2010)
  - Жан басына шаққанда  
\$ 9,872 трлн \$ (2-ші)  
\$7,368 \$ (51)



- Халық саны бойынша, әлемдегі 1-ші мемлекет (1,3 млрд санынан астам, халық көпшілігі — этникалық қытайлықтар, өз атауы — хән); жер аумағы бойынша Ресей және Канададан кейінгі 3-ші орында. 1949 жылы Қытай Халық Республикасы жарияланғаннан бері елді Қытай Коммунистік партиясы билеуде. Ресми түрде сегіз партия болса да, ҚХР-сын бір партиялы, авторитарлық елдер қатарына жатқызады.
- 14 мемлекетпен шектеседі: Ауғанстан, Бутан, Мианма, Үндістан, Қазақстан, Қырғызстан, Лаос, Моңғолия, Непал, ҚХДР, Пәкістан, Ресей, Тәжікстан және Виетнам.
- Қытай жерінде күлдық қоғам ыдырағаннан кейін феодалдық қатынас дами бастады. Соңғы күлдық мемлекет Хань империясы құлаған кезде Қытай жері Ұлы Қытай қорғанынан Оңтүстік Қытай теңізіне дейін, сол кездегі шаруашылығы жақсы дамыған аймақтар - Хуанхэ, Янцзы өзендеріне және Сычуань, Шаньдань аймақтарына дейінгі жерлерді алып жатты.

# Тарихы:

- Қытай тарихы археологиялық мәліметтермен қатар, ерте заманнан бергі саяси өмір мен әлеуметтік қозғалыстарды зерттеуге мүмкіндік беретін, жазба көздерінің көпшілігі және түрлігімен ерекшеленеді. Діни-философиялық және тарихи мазмұны бар канондалған ежелгі қытай мәтіндері, әсіресе Конфуцийдің оқуы жазылғаны — өз кезегінде, қытай өркениетінің дамуына, қытай халықтарының көзқарасына әсер етті.
- Қытай өркениетіне Конфуций заманынан бері әрбір адамның жердегі өміріндегі бақыт пен аман-саулығына бағытталған жоғары әлеуметтік-саяси белсенділік тән болды — адамның тағдыры құдайдың салғаны емес, өз еңбегінің арқасы. Қытай тарихындағы үлкен халық қозғалыстары менен Қытайға тән жоғары әлеуметтік көшпенділіктің мәнісі осында жатыр.

Жылдар	Мемлекет (әулет)	Біздің заманымыз	
<b>Біздің заманымызға дейін</b>		220 — 264	Вэй әулеті
б.з.д. 2357. — б.з.д. 2255	Аты аңызға айналған Яо билеуші	265 — 420	Цзинь әулеті (Батыс Цзинь: 265 — 316, Шығыс Цзинь: 317 — 420)
б.з.д. 2255 — б.з.д. 2205	Аты аңызға айналған Шунь билеуші	420 — 479	Сун әулеті
б.з.д. 2205 — б.з.д. 1766	Аты аңызға айналған Ся әулеті	479 — 501	Ци әулеті
б.з.д. 1766 — б.з.д. 1122	Аты аңызға айналған Шан-Инь әулеті	502 — 556	Лян әулеті
б.з.д. 1122 — б.з.д. 247	Чжоу әулетінің дәстүрлі мерзімдері	557 — 588	Чэнь әулеті
б.з.д. 246 — б.з.д. 207	Цинь әулетінің дәстүрлі мерзімдері	589 — 618	Суй әулеті
б.з.д. 206 — б.з.д. 220	Хань әулетінің дәстүрлі мерзімдері (в том числе Западная Хань — с 206 до н. э. по 25 н. э. Восточная Хань	618 — 907	Тан әулеті
		907 — 959	Бес әулеттің заманы
		960— 1279	Сун әулеті
		1280 — 1368	Юань әулеті (моңғол)
		1368 — 1644	Мин әулеті
		1644 — 1911	Цин әулеті (манчжур)
		1912 — 1949	Қытай мемлекеті
		1949 ж. 30 қыркүйегі	Қытай Халық Республикасы

# Саясат жағдайы:

- 1949 жылдың желтоқсанында ҚХР құрылғалы елде төрт Конституция қабылданды(1954, 1975, 1978 и 1982). Қытай Халық Республикасының Конституциясы бойынша (1982 жылдың желтоқсаны), ҚХР — халықтың демократиялық өктемдігі бар социалистік мемлекет.
- Мемлекеттік биліктің жоғарғы органы — жергілікті жиналыста 5 жылға сайланатын халық қалаулыларынан тұратын 2979 депутаттан тұратын бір палаталы Бүкіл Қытай халық қалаулыларының жиналысы (БҚХКЖ). БҚХКЖ сессиясы жыл сайынғы тәртіппен шақырылады.
- Депутаттардың санының көптігінен БҚХКЖ функцияларын сессия мерзімдерінің арасында делегаттардан сайланған тұрақты комитет атқарады (шамамен 150 адам).
- Сайлауға тек қана Қытай Коммунистік партиясы мен Халықтың саяси кеңес Советіне кіретін сегіз демократиялық партия қатысады.
- БҚХКЖ барлық депутаттары коммунистер және демократтар блогінен тұрады.

# ЭКОНОМИКАСЫ:

- Қытай мен Азия, Африка, Латын Америкасы мемлекеттері арасындағы экономикалық қатынасы сыртқы сауда және көмек салаларына байланысты жүзеге асады. Экономикалық қатынастарда қытайлық ықпалды азшылықтары бар бұл елдерде (бұл ел алдымен Оңтүстік Шығыс Азия елдері) Пекин, осы азшылықтардың экспедициялық элементтеріне саяси тұрғыдан қолдау көрсетуге және олардың кәсіпкерлік мүмкіншіліктерін Қытайдың көрсетілген елдерде экономикалық және саяси қатысуын және өзінің эксплуаттарылық кірістерін кеңейту үшін қолдануға ұмтылады.
- ҚХР және шетелдік Қытай буржуазиясы бөлігі арасындағы ерекше қатынастар нәтижесінің бірі Қытай экономикалық негізі жоқ және дамушы елдердің экономика үшін орнын толтырмайтын тауарлы және қаржылы аударылымдар болды. Қытай дамушы елдермен экономикалық байланыс облысында Қытай басшылығының «теориялық» құрылуы.
- Қытай басшылығы өзінің сыртқы саяси жаспарларында дамушы елдердің экономикалық бағынуына маңызды орын бөледі. Осы мақсаттарда Пекин оларға экономикалық дамуын және сыртқы экономикалық байланыстарының концепциясын байланыстыруға тырысады. Осылай бола тұра «өз көршіне сүйену» деген модификацияланған концепциясы насихатына қытайдың дамушы **социалистік** ел ролыне әрекеттенуіне және бұл ерекше характерден шығатын оның дамушы елдермен экономикалық баланысына басты орын беріледі.



# Мәдениеті:

- Б.з.б. 6 – 3 ғасырларда конфуцийшілдік, **моизм**, **легизм** мектептерінің қалыптасуы нәтижесінде Қытай философиясы пайда болды. Қытай халқы жаратылыстану және техникалық ғылымдарының дамуына елеулі үлес қосты. Көптеген маңызды ғылыми- техникалық жаңалықтар Қытайда басқа елдерден (соның ішінде Еуропа елдерінен де) бірнеше жүз жыл бұрын пайда болған (компас, сейсмоскоп, спидометр, қағаз, оқ-дәрі жасау, кітап шығару, тағы басқа).
- Ең көне жұлдыздар каталогін (807 жұлдыз) б.з.б. 4 ғасырда Ши-Шэн құрастырған. Күннің тұтылуы туралы ең алғашқы мәлімет Қытайда б.з.б. 720 жылы жазылған. Б.з.б. 138 – 126 жылы Чжан Цяньның Орта Азияға саяхат жасауы қытайлықтардың елдің батыс жағындағы халықтарды зерттеуіне мүмкіндік туғызды және **«Ұлы Жібек жолы»** арқылы керуен жүргізіп, сауда жасауына жол ашты.
- **Инемен** емдеу әдісі Қытай медицина әдебиетінде Сун дәуірі деректерінде кездеседі. Қытай дүние жүзінде бірінші болып селитраны оқ-дәрі жасауға пайдаланды. 16 ғасырда Қытайда **оқ-дәрі** шығарыла бастады.

# Шаруашалығы:

- **Қытай** - ежелден жер шаруашылығымен айналысқан ел. Әсіресе суармалы егіс кең етек алды. Қытай елі күні бүгінге дейін жібек елі деп аталады. Оның себебі, Қытайда ежелден **жібек құрты** өсіріліп келеді. Сондықтан да Қытай мен **Батыс Еуропа** арасындағы сауда жолы **Ұлы Жібек жолы** деп аталады. Қолөнер өте жақсы дамыған, әсіресе қыштан жасалған ыдыстар, **қола және темір** бұйымдар шетке көп шығарылған.
- Қытайда жер иелігінің екі түрі болды. **Император** қолындағы жер мемлекет меншігі деп есептелді. Императорға қызмет атқарған адамдарға жер берілді, олар шаруалардың жерлерін басып алып, өздерінің жер иеліктерін кеңейтіп отырған. Сонымен қатар шаруалардың да үлестік жерлері болған. Әр шаруаға 120 му жер берілген. Қытай императорларының сарайы. 1 му - 0,06 га. Шаруа 70 му жердің өнімін өзі пайдаланып, ал 50 му жердің өнімін мемлекетке өткізіп отыруға міндетті болған. Феодалдық қатынас тереңдеген сайын күшейе түскен бақталастық ішкі соғыстар IV ғасырда Цзинь империясын әлсіретті.

## Климаты:

- Қытайдың көптеген аймақтары қоңыржай және субтропикалық климатқа жатады, оңтүстік аймақтарындағы климат тропикалық болса, солтүстік аймақтары суық климатымен ерекшеленеді.

## Тау жоталары:

- Әлемде теңіз деңгейінен 7000 м биіктікті құрайтын 19 таулы биіктіктер бар, солардың ішінде 7 ҚХР территориясында немесе шекарасында орналасқан. «Әлем шатыры» деп аталатын Циньхай Тибет таулы өлкесінде көптген биік таулы жоталар бар. Гималайдың биіктігі теңіз деңгейінен 6000 м биікті құрайды, Джомалунгма болса, дүниежүзіндегі ең биік шың, оның биіктігі – теңіз деңгейінен 8844, 43 м құрайды.

Қытайдың  
ең үлкен  
өзені

- Янцзы, ұзындығы 6300 км, Ніл мен Амазонкадан кейінгі 3-шы орынды алады. Хуанхэ екінші ұзын өзен, ұзындығы 5464 км.

Жасанды  
ең ұзын  
өзен

- Пекин-Ханчжоу ұлы каналы, ұзындығы 1801 км, біздің дәуірімізге дейін 5 ғасырда құрылған, әлемдегі ең ұзын қолдан жүргізілген өзен.

Көлдер

- Поянху көлі (көлемі 3583 ш. км) – Қытайдағы ең үлкен тұщы көл.  
Цинхай көлі (көлемі 4583 ш. км) – ең үлкен тұзды көл.


## Фаунасы

- Қытайда 4400-ге жуық омыртқалы жануарлар кездеседі. Үлкен панда, алтын түсті маймыл, янцзы аллигаторы, ақерінді бұғы, оңтүстік-қытайлық жолбарыс және т.б. тек Қытайда табылатын сирек кездесетін жануарлар болып табылады.

## Флорасы

- Қытайда суық, қоңыржай және тропикалық климаты бар солтүстік жартышарда өсетін өсімдіктер көптеген түрі кездеседі, тек биік өсімдіктерді атап айтсақ, олардың мұнда 32000 астам түрі бар.

# Ұлы Қытай қорғаны



- Қытайдың Миң әулеті (1368—1644) тұсында салынған құрылыс.
- «Ұлы Қорғанның» шығысы Ляудүннің Жолбарыс тауынан басталып, батысы Гансудағы Жяй үйгуанға дейін барады, жалпы ұзындығы 6700 км артық. 7 ғ. ЗБ дәуірден бастап 17 ғ. дейінгі 1000 жылда, жиыны 10 патшалық әулеті құрылыс салып, осы қорғанды жасаған.

# Гугун мұражайы

- **Гугун мұражайы** – ортағасырлық қытай сәулет өнерінің бірегей ескерткіші. 1420 жылы Пекин қаласындағы Тянаньмэнь алаңының солтүстік жағына салынған Мин және Цин сәулеті императорларының сарайы болды. Аумағы 723600 метр квадрат. Айналасы биіктігі 10 метр дуалмен қоршалған. 1912 жылы Қытайда патшалық билік жойылып, республика жарияланған соң сарайдың бір бөлігінде ескі мәдени жәдігерлер көрмеге қойыла бастады, 1918 жылы мемлекеттік мұражай осында көшірілді. 1925 жылы Қытай үкіметі оны Гугун мұражайы етіп қайта құрып, көпшіліктің көруіне рұқсат берді. Экспонаттардың жалпы саны 1 миллион 100 мың. Мұражайда сирек кездесетін тарихи, әдеби, діни қолжазбалар мен ксилографиялық кітаптардың 500 мыңнан астам данасы сақтаулы. Олардың ішінде қытайшадан басқа шүршіт (маньчжур), моңғол, тибет, ұйғыр, түрік-шағатай жазуындағы кітап, қолжазбалар да мол. 1948 жылы Гомиьндан үкіметі Гугун мұражайынан әртүрлі мұралар мен сирек кездесетін қолжазба кітаптардың 230 мыңнан астам данасын Тайваньға алып кетті. 1965 жылы Тайвань – Гугун мұражайы ашылды.





Назарларыңызға рахмет!